

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: КІРІСПЕ

Этникалық зерттеулер





Этникалық зерттеулерге кіріспе

Мақсаты: ізденушілердің нәсілдік, этникалық әдеби зерттеулермен таныс болуына жол ашу, әдебиет айдынында орнығып қалған кейбір теріс түсініктер мен қалыптасып қалған ұстанымдарға қайта баға беруге баулу.

Кілт сөздер: нәсіл, этникалық зерттеулер, ақтар мен зәңгілер.

Бүгін біз этникалық зерттеулер туралы баяндаймыз. Әдетте көп үні шыға бермейтін этностар мен нәсілдік топтардың да өзіне тән әдебиеті, мүдде-мұраты болатынын қаперде ұстағанымыз жөн. Алайда бұл мәселелер ұзақ жылдар бойы ескерусіз қалып қойғаны жасырын емес. Ал этникалық зерттеулер аталмыш олқылықтың орнын толтырып, оған ғылыми тұрғыдан шынайы да әділ бағасын беруде басты мақсат етеді.

Қазіргі заманғы генетика ғылымы адамның тектік түрінің бір-бірінен шамалы ғана ерекшеленетін бес негізгі географиялық топқа тиесілі екенін растайды. Аталған бес топтың әртүрлі аймақта бір-бірінен оқшау көбеюдің нәтижесінде қалыптасуы эссенциалистік жіктеудің күмәнді екенін көрсетеді. Этникалық дегеніміздің өзі белгілі бір уақыт ағымындағы көбеюдің моделі болып саналады. Одан басқа ештеңе де емес. Осы секілді этникалық байланыстарға деген біздің күшті сезімдерімізге қарамастан, этникалық топтардың мүшелері жалпыға ортақ сипаттардың көбіне ие емес, бір-біріне ұқсай бермейді, олардың өздеріне ғана тән ерекшеліктері бар. Олардың «ұқсас» тұстары – ақ шашы, қара терісі мен бадам көзі деген секілді ерекшеліктері болып саналады. Белгілі бір уақыт аралығындағы көбею моделі бірте-бірте ортақ белгілердің тууына түрткі болады. Алайда мұндай қасиеттер тарихтың белгілі бір кезеңінде пайда болған кездейсоқ құбылыс. Олар әлеуметтік неке мен географиялық қауымдар ішінде өсіп-өну арқылы көбейеді. Ал егер бұл тәжірибе қауымдар мен көші-қон үрдісі өзгеретін болса, жойылып кетуі де мүмкін. Біз тері түсі сияқты сыртқы көрінісіміз ішкі нәсілдік ерекшелігімізді танытады деп ойлауға бейіміз. Мұндай белгілер, асылында, әлеумет өміріне дейін, тарихтан тыс кезеңде қалыптасып үлгерген. Бірақ шынтуайтына келгенде, қара тері де ақ шаш секілді маңызды индикатор болып есептеледі. Өйткені ол – ішкі биологиялық қасиеттің айқын көрсеткіші. Аталған ерекшеліктер көбіне-көп биологиялық негізден гөрі әлеуметтік тәжірибеде анық көрініс табады, яғни уақыттың сынынан өткен әлеуметтік өмірдің жемісі. Өсіп-өне келе бұл бір ұлтты екінші бір ұлттан айырып тұрады. Мұның да өз маңызы бар. Егер сіз көбею үрдісін өзгертетін болсаңыз, «нәсіл» жоғалып кетеді. Әлемдегі нәсілдер өзара мидай араласып кетті. Араласудың нәтижесінде әлемдегі адамдардың тегінде де үлкен айырмашылықтар туындаған. Қыз алысып, қыз беріскен әлемнің түкпір-түкпіріндегі елдер ақыр-аяғы қазіргі барынша түрленген әлемге табан тіреді. Содан да болар, бүгінгі күндегі тектер арасындағы қасиет-белгілерді бірден байқау оңайға соқпайды. Осы секілді аралас-құраластықтың нәтижесі ретінде еуразиялық пен азиялықты, аралас африкалық пен еуроамерикалықты ажырату қиын боп қалды. Еуроамерикалық дегеннің өзі өте жиі кездесетін нәсілдік түр болып табылады.

Нәсілшілдердің табиғи маңызды ерекшеліктерді айқындау үшін түкке тұрмайтын хроматикалық белгілерге мән беріп, оның ақиқат-шындығына жете алмай қателікке ұрынатыны осыдан болса керек. Демек, мынау еврей, мынау ирландтық деген секілді балаларға ата-анасы тарапынан сиқырлы жолмен берілетін әрі басқа этникалық топтардан ажыратып тұратын тек өзіне ғана тән сәйкестік деген нәрсе жоқ. Мысалы, Таяу Шығыста тұратын еврейлер әлемнің басқа қиырында тұратын қандастарына қарағанда генетикалық тұрғыдан палестиналықтарға жақын боп келеді. Этникалық дегеннің өзі – қанмен берілетін ортақ белгілердің жиынтығы. Көп жағдайда оны танытатын шаш пен терінің түсі секілді ерекшеліктер аса маңызды әрі шешуші факторлар емес. Кездейсоқ әрі көмескі сипатына қарамастан, этникалық ерекшелік қазіргі кезде де бірігу мен бөлінудің айрықша күшті факторы болып қала береді. Тері түсі сияқты сыртқы белгілер ішкі нәсілдік болмысты танытушы мән ретінде қарастырыла алмаса да, мұндай ерекшеліктер адамның өзіне тән даралығы мен жалпы адамзат қоғамының көрнекі тілі ретінде танылған. Дәл осы мәселеге келгенде тарих пен ғылымның пікірі бір арнада түйіспейді. Ал нәсіл мен ұлттың бар қасиеті тез жойылып, оңай өшіп кетпейді ғой. Шындығында, олар – мәдени ерекшелік пен әдеби сипаттың салмақты белгілерінің бірі. Тіпті қара терінің өзі



биологиялық нышан ретінде қандай да бір мәнге ие болмаса да, тарихтың ақтаңдақ ақиқатынан сыр шертеді. Біз әдебиет арқылы өткен дәуірдің рухын сезіп, болмысын тани аламыз емес пе? Мысалы, Тони Моррисонның этникалық жазбаның көрнекті үлгісіне жататын «Сүйген жар» атты шығармасын оқып отырып, қара нәсілділер тақырыбын әдеби талдау нысанынан не үшін алып тастауға болмайтынына көз жеткізесіз. Расында да, оның Америкадағы сергелдеңге толы өткені ең алдымен қазіргі жағдайына да қатты ықпал етеді. Этникалық айырмашылық дәл экономикалық айырмашылық секілді айрықша елеулі болып келеді. Өйткені, өткен кезеңде нәсіл бір топтың басқа топқа деген экономикалық эксплуатациясымен тығыз байланысты болды. Мұның айқын мысалы ретінде құлдық өмірді айтуға болады. Осы тәжірибенің мирасы Америка мен басқа да елдерде байлық пен экономикалық игілік тұрғысынан ақ пен қара нәсілді адамдар арасында терең жіктің одан әрмен жалғасуына әкеп соқты. Этникалық ерекшеліктердің тарихи шындығына сүйене отырып, әлемдегі этникалық топтардың арасында айқын бөлініс бар деп байлам жасауға болады. Оған негіз де жоқ емес.

Этникалық әдебиеттану бізге мүлдем бөлек мәдени, әлеуметтік және психологиялық шындықты таныта алады. Этникалық әдеби зерттеулер нәсілшіл-бейтарап әдеби талдау тәрізді әлі күнге дейін қарастырылмаған этникалық ережелерге де күмәнмен қарайды. Әдебиеттің әмбебап қасиетін сақтауға күш салатын Жаңа сын, шын мәнінде, еркін идеалды ұрандаған Оңтүстік Ақ нәсілді ерлер әдебиеті болып шығуы кәдік. Этникалық әдебиеттанудың қалыптасуы әмбебап тақырыптар тек қана ақ нәсілділердің тілінде сөйлейді деген тұжырымды жоққа шығарды. Сондай-ақ, аталмыш сала еуроцентристік, солтүстік америкалық әдеби зерттеулердің ақ нәсілділерге тән екенін ескере отырып, қара нәсілді ұлттарға да билеуші халықпен бірдей құқық берілуін қаперде ұстады. Соңғы кезде әдебиеттегі ақ нәсілділер орнықтырған ереже-ұстанымдарға қарсылық үдей түсті әрі сол сарындағы әртүрлі үндеулер легі көбейді. Бәрінің де табан тірер ортақ тұжырымы мынау: бұдан былай арнайы «бағдарламалармен» этникалық әдебиеттің үнін естіртпей қою жоқ, керісінше, ол ақ нәсілділер әдебиетімен иық түйістіріп қатар тұруы тиіс. Осының нәтижесінде Америкада дала әдебиеті антологиясы дәстүрлі ортадан ақ нәсілділерді ығыстырып шығарып, оның орнына көпұлтты америкалық әдебиеттің тарихын алып келді.

Сонымен бірге, Америкадағы этникалық зерттеулер бұған дейін үстем болып келген ақ нәсілділер мәдениетінің басқа ұлттар мәдениетімен жақындай түсуіне сеп болды. Мұның жарқын үлгісін Тони Моррисонның «Түнектегі ойын» атты шығармасынан көре аламыз. Ақ нәсілді американдық әдебиеті тұлға дамуы саласы мен ізденіс аясы тәрізді жобалар үшін афроамерикалықтар мен олардың тәжірибесін құрал ретінде жиі қолданады. Ақтардың азаттығы қара нәсілді құлдармен салыстырғанда айқын көрінеді. Сонымен бірге, қара нәсілділер ақтар мәдениетінде дара қасиеттерге қол жеткізген халықтың қасындағы қосалқы ұлт ретінде көрінеді. Қара нәсілділер десе, халықтың көз алдына бірден құлдар елестейтін. Бұл стереотип ұзақ уақыт бойы халықтың санасында орнығып қалды. Мұның бәрі мынадай түйін шығаруға жетелейді. Ақ нәсілді адамдардың көбі әлі күнге дейін қара нәсілді адамдар жайлы теріс түсінікке ие. Олардың көбі қара нәсілділерді екінші сұрыптағы адам ретінде қарап, «бізге көмек беруге жаралған төменгі сатыдағылар» деп ойлайды. Осы секілді мысалдарды көптеген шығармалардан кезіктіруге болады. Мұндай шығармаларда қара нәсілділер көп жағдайда ақ нәсілділердің қолшоқпары болып, солардың сойылын соғушы немесе ойында жеңіске жету үшін қолғабыс танытып, қызметін жасаушы бейнесінде көрінеді.

Уильям Фолкнерді алайық. Жалпы, аталмыш жазушының есімі этникалық зерттеулер деген кезде жиі ауызға алынады. Оның шығармашылығы Америка әдебиеттануындағы қараңғы расизмге жарқын мысал бола алады. Жазушының өзі оңтүстіктің тумасы әрі оңтүстік тілінде сөйлейтін ақ нәсілді болатын. Содан да болар, оны оңтүстіктің Жаңа сыншылары асыра мадақтап, мәңгілік әрі мекенсіз ақиқаттан сырт шерткен ұлы қаламгер ретінде дәріптеді. Осындай жайттардың себебінен Фолкнер 1930 жылдан бүгінгі күнге дейінгі Американың «ұлы әдеби дәстүрінің» көрнекті өкілі боп шыға келді. Дегенмен оны нацизм мәдениетін қуаттайтын Еуропаның теріс пиғылды жазушыларымен салыстыру оп-оңай. Фолкнердің «сақтай гөрі» (aw shucks) қалай болғанда да, «қарапайым оңтүстік тұрғыны» екенін көрсетеді. Еврейлердің көзімен қарағанда, еуропалық антисемиттердің сөздері қандай тұрпайы әрі кекесінге толы болса, қаранәсілділер үшін де бұл сөз зиянды әрі дөрекі.



Мәселен, нәсілшіл қорлау сарынына толы «Тамыз шұғыласы» деген туындысында Фолкнер ақ нәсілді адам ретінде көрінетін, шынтуайтына келгенде қара нәсілді адам жайлы сөз етеді. Аталмыш «қанды» таңбадан мынаны байқауға болады. Джо Кристмасты ақыл/дене, әмбебап/жекеше, жарық/түнек, мәдениетті/жабайы сияқты жұптардың теріс жағына таңады. Бұл қайшы баламаларды Фолкнер нәсілдік әлемін құрастыру үшін қолданады. Джо өзі кездесіп жүрген ақ әйелді өлтіреді. Бұл әйел оңтүстікті «ескі дәстүрден» арылтып, «қайта түлетіп», зәңгілерге қарсы расизмді тоқтатуға талпынған солтүстік реформаторларының өкілі болатын. Осы талпыныстың жемісі – қара нәсілді азат адам. Ол ақтарды менсінбей, өзін жоғары санайды, тіпті романның оқиға желісінде әйелді мерт қылады. Тегінен бас тартып, басқа ұлтқа сіңуге тырысқандар үшін бұл бір жақсы сабақ бола алады. Мұндай халыққа өз келбетін сақтап-ақ, Тәңірдің кешіріміне жетуге мүмкіндік беру керек.

Фолкнердің шығармаларында қара нәсілді адамдар тым төмен деңгейге түсірілген. Жазушы оларды жас баладай ақымақ санайтынын ашық көрсетеді. Шығармасында жұрттың бәрі қара нәсілділерді мазаққа ілдіріп, күлкі етеді. Ал дін өкілдері болса, олардың төбесінен қарап, мұрнын шүйіре қарайды не болмаса, олар арсыз істерге беріліп, күнәға белшесінен батады. Жазушының шығармаларынан байқайтын тағы бір ерекшелік, онда ақ нәсілділер айрықша әспеттеліп, бар әмбебап әрі мәңгілік ақиқат соларға тиесілі боп сипатталады. Сонымен бірге, оңтүстік атты әскер шабуылы сияқты оқиғалар да ақтарға тән. Мұнда Гейл Хайтауэр оңтүстіктің қайғылы абыройының мызғымас символы ретінде көрінеді. Ол азат рухани қасиет иесі және табиғи сезімін, әсіресе нәпсісін тізгіндей алатын жан. Есесіне Джо ірі денелі егде әйелмен көңіл қосып, құмарлыққа ерік береді. Бұл әйелдің дене бітімін сипаттай отырып, жазушы оны Хайтауэр сынды рухани кейіпкерлерден төмен қоюды көздейді. Ақ адамдар өмірде қасірет тартады, олар үшін тағдыр тауқыметін өзгерту мүмкін емес. Ал зәңгілер ақтардың басына төнген бәленің бірі ғана екен.

Адамзат өмірінің осындай қаперге іліне бермеген сипаты Фолкнер секілді жазушыларға тарихты бұрмалауға мүмкіндік берді. Ал бұл, тиісінше, олардың нәсілшіл көзқарасын күшейте түсті. Біріншіден, зәңгілер Азаматтық соғыста өлген ақ қожайындарының артынан аза тұтты дейді. Шындығында, керісінше еді, зәңгілер бұл мүмкіндіктен бас тартпай, өз еркімен плантацияларды тастап кетті. Екіншісі, ақ нәсілді оңтүстік қауымдары бейбітсүйгіш еді және ешкімге күш көрсетпеді; олар нәсілдер арасы жанжал туа қалғанда, сотқа жүгіне бермейтін, бәрін ақылға салатын деген пікір. Алайда романның өзегінде жатқан тарихи шындық бойынша тобыр ақ әйелді өлтірген зәңгіні жазаға тартады. Ақтардың сотқа баяу және ақылмен жүгінгенін бір-ақ жерден көреміз. Зәңгілер Джим Кроу заңы бойынша ақтарға, әсіресе, ақ әйелдерге құрмет көрсетуі тиіс еді. Ережені бұзған зәңгілерді оңтүстік тұрғындары өздері соттайтын. Бұл тергеусіз соттың белең алуына түрткі болды. Роман 1932 жылы жарыққа шыққанға дейін әр жыл сайын 100 зәңгі жазаға тартылып отырған.

Дегенмен Фолкнер өз туындысында оңтүстіктің ақ нәсілді тұрғындарының әділетке деген құштарлығын жақсы ашып береді. Оңтүстіктің табиғи дәстүрлеріне үкімет заңын ендіріп, Джоны өлтірген адам солтүстіктен шыққан. Жазушы нашар солтүстік билігі / оңтүстіктің жақсы дәстүрі баламасын қолданады. Бұл оңтүстіктің, «штат құқығының» XIX ғасыр соңына дейін осындағы расизмді тоқтатуға тырысқан федералды билікпен күресін көрсетеді. Осылайша, роман әмбебап идеялардан гөрі оңтүстіктегі дәстүрлі нәсілшіл мәдениет жайлы ой толғаған. Ол зәңгілерді ақтардың панасына мұқтаж нақұрыстар кейпінде немесе ар-ұяттан жүрдай, нәпсіге ерген бейшаралар бейнесінде суреттеген. Романда бір ғана әмбебап идея бар. Ол – нәсіл туралы тұрпайы әрі жалған сенім және автордың нәсілшілдіктің зорлықшы мәдениетіне қатысты тұғырсыз көзқарастары. Керісінше, ақ нәсілді қаламгерлер мұндай дертке қарсы тұрып, өз шығармалары арқылы нәсілшілдікпен күресу керек еді.

Міне, жазушы нәсілшілдіктің отына май құйып, оны қолдап-қуаттаса да, әлі күнге дейін Фолкнер есімі Америка әдебиетінің ең көрнекті өкілі ретінде сипатталады. Мұны, бір жағынан, әдеби талғамның төмендегені десек те болар, бәлкім.

Жоғарыда біз бірнеше мысалдар келтіріп, нәсілдік, этникалық мәселелер төңірегінде сөз қозғадық. Осы секілді өзекті дүниелердің бәрін қаперге салып, арнайы зерделейтін этникалық зерттеулер деп аталатын қазіргі ғылыми бағытты біршама жетістікке жетті деуге әбден болады. Өйткені, осы уақытқа дейін ашық айтыла бермейтін көп мәселені жаңаша қарап, оған қайта



баға беруге мүмкіндік туды. Этникалық зерттеулердің тағы бір ерекше әсерінің бірі ретінде біз оның «әдеби» емес құбылыстарды да әдеби пікірталастар алаңына шығарғанын айта аламыз. Мұндағы «әдеби емес» деген сөз нені білдіреді? Бұл – әдеби-эстетикалық талаптардың үдесінен шыға алмайтын, поэтикалық салмағы ауыр емес, сонымен бірге ашық не астарлап болса да әмбебап идеялар туралы сөз қозғамайтын көркем туындылар. Этникалық зерттеулер әдебиеттану саласын тарихи жайттарға, жекелеген уақыт пен кеңістіктің күрделі әлеуметтік динамикасына, адамдардың шынайы өмір ортасына назар аударуға мәжбүрлейді. Осының нәтижесінде әдеби зерттеулер мәдени зерттеулерге ұласты. Әдебиеттанушылар кейіпкерлер жүйесінің болмысын ашу үшін олардың мәдени бет-бейнесін терең ашуға кірісті. Егер біз әдеби шығарманы осы қырынан қайта зерделесек, онда Фолкнер секілді бұған дейін атағы аспандаған қаламгерлерді ақтап алу қиынға соғар бермек. Ол «ұлы» әдебиет үздік экономикалық мәртебе иеленіп қана білімге қол жеткізген ұлттарда туады» дейтін әдеби стильдің көрнекті өкілі болуы мүмкін, яғни ол әдебиетті әлеуметтің мәртебесімен өлшейді. Бірақ бір сәтке осы әдеби идеалды лақтырып тастап, әдеби ахуалдың шынайы тарихи мәніне үңілсек, Фолкнердің «мәні» өзгеріп шыға келеді. Қара нәсілділер мен ақ нәсілділердің көңіл жарастырып, неке қиюын ит пен мысықтың қосылуына теңеген Фолкнердің шынайы жазушылық болмысын этникалық зерттеулер аясында барынша әділ тани аламыз.

Тақырыпты пысықтау үшін қойылатын сұрақтар

1. Не үшін этникалық зерттеулер деген ғылыми пән қарқынды дамуда? Оның не үшін бұлай аталуының себебін түсіндіріп беріңіз.
2. Нәсілдік, этникалық бөліністер Американың қай жазушыларының шығармаларында айрықша көрініс табады? Үш жазушының шығармасын мысалға келтіріп, соның біреуін талдаңыз.
3. Этникалық зерттеулермен айналысатын әдебиеттанушы ғалымдар көркем шығарманың қандай сипаттарына ерекше ден қойды?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Сарсенбаева, Зәуре Нұруллақызы. Этнос және құндылықтар / Сарсенбаева, Зәуре Нұруллақызы. – Алматы, 2018. – 312 б.
2. Қоңыратбай, Тынысбек. Эпос және этнос: Қазақ эпосы және оның этникалық сипаты / Қоңыратбай, Тынысбек; ҚР БҒМ, Қазақ мемл.қыздар педагогикалық ин-ты. – Алматы: Ғылым, 2000. – 268 б.
3. Куценков, Петр Анатольевич. Этнос и его искусство: Западный Судан: Процессы стилиобразования / Куценков, Петр Анатольевич; Отв.ред. В.Б.Мириманов. – М.: Наука, 1990. – 158 б.
4. Котошева, Кайни Кенжетаевна. Этнос как система целостности / Котошева, Кайни Кенжетаевна; МОН РК, КазНТУ им Сатпаева. Ө Алматы: Ғылым, 2005. – 288 б.